

2010 жылы халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 226 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қаңтарда N 12-4-77 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 309 қаулысы)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010.12.31 N 309 қаулысы).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13, 14-тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1-бабына сәйкес, халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарынан шыққан жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға көмектесу және әлеуметтік қорғау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Нұсқаулық қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Халықтың нысаналы топтарының құрамына енетін тұлғалардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі нысаналы топтарының жұмыссыздарына басымды бағыттарды қамтамасыз ететін мекемелер, кәсіпорындар және ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру бойынша келісім-шарттар ж а с а с ы н .

4. Әлеуметтік жұмыс орындарды қаржыландыру, "Халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 002 бағдарламасы бойынша, 2010 жылға арналған аудан бюджеті қаражатынан жүзеге асырылады.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.З. Ысқақоваға міндеттелсін.

Аудан әкімі

М. Көбенев

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы
24 желтоқсан N 226 қаулысымен
бекітілді

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Нұсқаулығы

Осы Нұсқаулық халықтың нысаналы топтарынаң шыққан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің (меншік нысанына қарамастан) есеп айырысудың негізгі шарттары мен жүйесін реттейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі түсініктер: әлеуметтік жұмыс орны – халықтың нысаналы тобынан шыққан жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыру үшін және шығындарының бір бөлігін өтемақымен толықтыруға мүмкіндігі бар жұмыс берушілермен жергілікті атқарушы органмен шартқа отыру негізінде құрылған жұмыс орны; нысаналы топтар – Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңымен белгіленген жұмысқа орналасуда қиындыққа шалдыққан және әлеуметтік қорғауды қажет ететін топтар.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақылық қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңшығарушылық актілерінің күші жүреді.

3. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оған жұмыссыздарды еңбекке орналастыру тәртібі

4. Әлеуметтік жұмыс орындары нысаналы топтарға жататын жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін еңбек ақы төлеудің 70%-ын жергілікті бюджет қаржысы есебінен төлеу шартымен жұмыс берушімен ашылады.

5. Уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарын ашу мақсатында әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын немесе ашатын жұмыс берушілермен қаржыландырудың мерзімі мен шарты және әлеуметтік жұмыс орындарын орындау туралы келісімшарттар құрады.

6. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу олардың келісімі бойынша уәкілетті органмен жүргізіледі.

7. Жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздар уәкілетті органнан жұмыссыз есебінен шығарылады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері мен шарттары

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері – жұмыс берушілер мен жергілікті бюджет қаржысы.

9. Жергілікті бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру 002 "Еңбекпен қамту бағдарламасының" 102 "Халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар" бағдарламасы бойынша іске асырылады.

10. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбек ақысына кеткен шығындар жергілікті бюджет қаржысынан жабылады.

11. Еңбек ақы төлеу жұмыс берушімен келісім негізінде берілетін өтемақымен жасалынады және республика бойынша бекітілген минималды жалақыдан кем болмауға тиіс.

12. Бюджеттік қаржыны аудару бойынша есеп айырысу жұмыс берушілердің шоттарына жүргізіледі.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібіне бақылау жасау

13. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Нұсқаулығын бақылау заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы
24 желтоқсан N 226 қаулысымен
бекітілді

Ақтоғай ауданы бойынша халықтың нысаналы топтарының қосымша тұлғаларының тізбесі

1. 50 жастан асқандар.

2. Дәрігерлік еңбектік сараптамалық комиссияның еңбекке шектеулі жарамдығы туралы анықтамасы бар тұлғалар.

3. Отбасында бірде-бір жұмыс істейтін адамы жоқ аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан жұмыссыздар.

4. Ұзақ емделуді қажет ететін бар отбасы мүшелері, жұмыссыздар.

5. Көп балалы отбасылардың жұмыссыз ата-аналары.

6. Мүгедек балаларды тәрбиелейтін жұмыссыздар.

7. 24 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар.

8. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің жолдамасы арқылы кәсіби дайындықтан және қайта даярлаудан өткен жұмыссыздар.

Аудан

әкімдігінің

2009

жылғы

24

желтоқсан

N

226

қаулысына

қосымша

2010 жылға арналған Ақтоғай ауданы бойынша**элеуметтік жұмыс орындарына еңбекке орналастыру кестесі**

р/ р	Ауылдық округтер атаулары	Жұмысқа орналастырылады	Айлар бойынша								
			Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сіуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүй
1	Ақтоғай ауылдық округі	20				10	5	5			
2	Әуелбек ауылдық округі										
3	Барлыбай ауылдық округі	8					4	4			
4	Басқамыс ауылдық округі	3					3				
5	Жалаулы ауылдық округі										
6	Жолболды ауылдық округі	4					4				
7	Қараоба ауылдық округі										
8	Қожамжар ауылдық округі	15				5	10				
9	Мүткенов ауылдық округі	8					8				
10	Приречен ауылдық округі										
11	Разумов ауылдық округі	2					2				

12	Харков ауылдық округі	15				8	7			
13	Шолақсор ауылдық округі	5					3	2		
	Аудан бойынша	80				23	46	11		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК